

Абылайхан Салтанат Мұратханқызының 8D01101 - Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға ұсынылған «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

## АННОТАЦИЯСЫ

**Зерттеудің өзектілігі.** Заманауи дәуірдің ажырамас сипаты, мемлекеттің даму кезеңі жаңғыру болып табылады. Әлемдік интеграциялық үдерістерге ұмтылу Қазақстан қоғамын сипаттайды, нәтижесінде жаңғыру мемлекет дамуының маңызды үдерісінің біріне айналды.

Қазақстан қоғамын стратегиялық дамыту мақсатында Мемлекет Президенті Қ.-Ж.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі», «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі», «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы», «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам.», «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларында рухани жаңғырудың басымдық басымдықтары ретінде мынадай бағыттарды бөліп көрсетеді: «Адами капитал – рухани жаңғыру негізі», «Өмір сапасын жоғарылату», «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі».

Жаңғыру үдерісінде негізгі позицияны білім беру жүйесі иеленетінін атап өту қажет. Өзінің азаматтарына арнап сапалы және заманауи білім алу үшін қажетті жағдай жасайтын қоғам ғана әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттермен иек тіресіп, үйлесімде болатыны белгілі. Әлемдік үлгіге сәйкес білім беру секторының өзгеруі бүгінде рухани жаңғыру жолына енудің маңызды шарттарының бірі болып отыр.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының талаптарына сәйкес, білім беру саласында мемлекеттің қазіргі саясатының негізі мәселелері қарастырылып, «жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» сұрақтарын түбегейлі қайта қарастыру қажеттігі артып келеді.

Осыған орай, білім берудің, педагогтардың алдында - гуманистік әлемнің құндылықтар жүйесінде өз орнын тапқан, ынтымақтастық, өзара түсіністік, қарапайымдылық, қанағатшыл, үнемшілік, ұқыптылық негізінде қарым-қатынас орнатуға қабілетті адамды тәрбиелеу міндеті тұр. Сондықтан педагогтердің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі, адамгершілігі мол және жоғары мәдени құндылықтарға ие адамды тәрбиелеу болып табылады. Осы үдеріске, тұлғаны қалыптастыру үдерісіне әдіснамалық тұғырларды, принциптерді, ғылыми-дәлелденген технологиялар мен әдістемелерді қолдана отырып, ғылыми тұрғыдан келу қажет. Бұл үдерісті мектепке дейінгі

жастан бастаған жөн, өйткені, оның адамгершілік мінез-құлқында прагматизм негіздерін дамыту үшін сезімталдықтың барлық спектрі бар.

Адамгершілік мәдениет феномені философия, мәдениеттану, психология, педагогика және тағы басқа ғылымдарымен белсенді түрде зерттелуде.

Біздің зерттеуіміз үшін тұтас педагогикалық үдеріс теориясы, білім беру әдіснамасы және теориясы аясында В.В.Краевский, В.И.Загвязинский, Э.Г.Юдин, А.М.Новиков, Д.А.Новиков, В.В.Завалко, П.И.Пидкасистый, В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, Е.Н.Шиянов, Г.И.Щукина, Н.Д.Хмель, К.М.Арынгазин, Ш.Т.Таубаева, С.А.Ұзақбаева және тағы басқалардың еңбектері ерекше қызығушылық тудырды.

Аса құнды дерек көздері болған ғалымдардың еңбектерін атап өтсек: (адамгершілік тәрбиенің әдіснамалық тұғырлары) В.П.Вахтерев, К.Н.Вентцель, Н.А.Добролюбов, П.Ф.Каптерев, Я.А.Коменский, П.Ф.Лесгафт, Дж.Локк, А.С.Макаренко, И.Г.Песталоцци, Ж.-Ж.Руссо, В.А.Сухомлинский, Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский және басқалар; (тұлғаның адамгершілік мәдениетін қалыптастыру әдіснамасы) И.Ю.Кожевникова, Е.В.Бондаревская, О.С.Богданова, А.А.Гусейнов, Р.С.Буре, А.М.Виноградова, О.С.Газман, С.А.Козлова, В.М.Коротов, Б.Т.Лихачев, С.В.Петерина, В.С.Селиванов, В.А.Сластенин, И.Ф.Харламов, Н.Е.Щуркова, В.С.Библер, Н.В.Зелинский, В.И.Лыкова, А.И.Шемшурина, И.С.Кон, А.А.Гучейкова, А.С.Франц, С.Қ.Әбілдина, Г.М.Ахметқалиева және басқалар; (адамгершілік мәдениетті қалыптастыру тұжырымдамалары) Р.Б.Годжиева, Т.С.Игнатъева, Н.В.Махова, А.А.Алиуллина, А.И.Щербина, Г.М.Ионова және басқалар; (адамгершілік сана, мінез-құлық, өзара әрекеттестік теориялары) В.А.Блюмкин, В.Вичев, Н.Б.Крылова Л.М.Архангельский, Р.Жимайтис, А.С.Лаптенко, Б.Т.Лихачев, Е.Н.Рангелова, А.Игенбаева, С.Досанов, Бапаева М.К., Г.Т.Абитова және басқалар; (мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру теориясы мен концептуалды тұғырлар) И.А.Сикорский, В.А.Сухомлинский, В.П.Вахтерев, Б.Г.Ананьев, С.Л.Рубинштейн, Л.С.Выготский, Е.И.Кульчицкий, Н.А.Менчинская, Л.В.Чепикова, Т.П.Авдулова, Ф.Н.Жұмабекова, К.М.Метербаева және басқалар.

Осылармен қатар, біздің зерттеуіміздің теориялық және практикалық маңыздылығы үшін ойшыл-ғалымдардың еңбектері құнды болды: (мәдениеттің даму теориялары) Әбу Насыр Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Сералин, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Көбеев, Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин және басқалар; (мәдениет теориялары қоғамдық өмір саласын құраушылар ретінде) Т.Х.Ғабитов, Г.Муталипов, А.Кулсариева, В.И.Журавлев, Г.П.Выжлецов, Н.К.Рерих, В.И.Максаков және басқалар.

Біздің зерттеу пәнімізді ескере келе, А.Тавадян, Ш.Құрманбайұлы, Г.Нығыметов, Д.Ариповтың, Р.К.Керимбаева, Г.С.Майлыбаева ұсынған қоғамдық сананы жаңғырту тұжырымдамалары өзекті болып табылды.

Жоғарыда аталған еңбектердің теориялық және практикалық тұрғыдан маңыздылығы сөзсіз, алайда рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру мәселесі теориялық түсіну және тәжірибелік зерттеу тұрғысынан зерттелмеген болып қала береді. Осыған байланысты, рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін анықтау, педагогикалық жүйесі мен технологиясын өңдеу, анықтау және сынақтан өткізу қажеттілігі туындайды.

Дегенмен, қоғам қажеттілігі мен рухани жаңғыру жағдайында адамгершілік мәдениет белгілері жайында біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың пайда болуы үшін негізгі дағды мен іскерліктерді игерген мектеп жасына дейінгі бала тұлғасы мен білімін зерттеу қажет. Жалпы оны мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу - білім беру үдерісінде қалыптастырудың өңделмеген педагогикалық жүйесімен технологиясының теориялық және әдістемелік тұрғысынан негізделмеуінің жеткіліксіздігі арасында **қарама - қайшылық** туындап отыр.

Аталған қарама-қайшылықтарды шешудің ғылыми негізделген және тиімді жолдарын анықтау біздің зерттеуіміздің **мәселесі** болып табылады.

Мәселенің өзектілігі мен өз деңгейінде, толық қанды қарастырылмауы бізге зерттеу тақырыбын **«Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың теориялық және практикалық негіздері»** деп таңдауымызға негіз болды.

**Зерттеу нысаны:** мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісі.

**Зерттеу пәні:** мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру.

**Зерттеу мақсаты:** рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясын теориялық тұрғыда негіздеу және эксперименталды сынақтан өткізу.

**Зерттеу болжамы** егер рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясы теориялық тұрғыдан негізделсе, өңделсе және жүзеге асырылса *онда* ол тұтастай алғанда оның прагматикалық дамуының тиімділігіне әсер етеді, *өйткені* тәрбиелеу-білім беру үдерісінің субъектілері жаңарған қоғамда қолдану мақсатында қажетті білім мен дағдыларға, құндылықтарға ие болады.

Зерттеудің мақсаты мен болжамы төмендегі **міндеттерді** анықтады:

1. Рухани жаңғыру жағдайын мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру факторы ретінде негіздеу.

2. «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұнын анықтау, мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің құрылымдық компоненттерін айқындау.

3. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесін өңдеу және теориялық негіздеу.

4. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясын құру.

5. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда өңделген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үдерісі теориялық және әдістемелік негіздерді, атап айтқанда, мектеп жасына дейінгі балаларда зерттелетін мәдениет түрін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясын ескере отырып жүзеге асырылуы керек.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері:** фундаменталды философиялық, мәдениеттану, психологиялық-педагогикалық теориялар мен тұжырымдамалар; әдіснамалық тұғырлар (жүйелілік, мәденилік, мәдени-тарихи, ақпараттық) және принциптері (мәденилік, гуманизм, сана мен әрекеттің бірлігі, даму принципі).

**Зерттеу әдістері:** зерттеу мақсаты мен міндеттерін шешуде теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды:

- теориялық (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық, мәдениеттану әдебиеттерін талдау, мектепке дейінгі білім беру саласының нормативтік-құқықтық құжаттарын талдау, мектепке дейінгі ұйымның нормативтік құжаттарын талдау);

- эмпирикалық (педагогикалық эксперимент, бақылау, әңгіме, мектеп жасына дейінгі балалар қызметінің өнімдерін зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерін талдау және жалпылау);

- зерттеу сипатына сәйкес математикалық статистика әдістері және басқа әдістер.

**Зерттеу базалары:** Қарағанды қаласының мектепке дейінгі ұйымдары: КМҚК «Ертөстік», ЖШС «Тұлғаны зерттеу және дамыту орталығы «Талант-менеджмент, «Дарынды бала – 3», ЖШС «Тұлғаны зерттеу және дамыту орталығы «Талант-менеджмент, «Дарынды бала – 4», ЖШС «Мектепке дейінгі шағын орталық «Колобок», ЖШС «Мектеп-балабақша «Академия детства».

**Зерттеу кезендері:** зерттеу үш кезеңде жүргізілді.

**Бірінші кезеңде** (2017-2018жж.) зерттеу мәселесі бойынша отандық және шетел авторларының ғылыми әдебиеттеріне талдау жүргізілді, зерттеудің ғылыми және түсініктеме аппараты айқындалды, рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтау мақсатында айқындаушы эксперимент жүргізілді, зерттеу феноменін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясын өңдеу жүзеге асырылды.

**Екінші кезеңде** (2018-2019жж.) қалыптастыру эксперименті жүргізілді, оның барысында рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларда адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың өңделген педагогикалық жүйесі мен технологиясын сынақтан өткізу жүзеге асырылды, тәрбиелеу-білім беру үдерісін қамтамасыз ету үшін әдістемелік материалдар әзірленді.

**Үшінші кезеңде** (2019-2020жж.) рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясын енгізудің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру жүргізілді, эксперименттің қалыптастыру және бақылау кезеңдері барысында алынған нәтижелерді өңдеу, зерттеу болжамымен салыстыру, қорытындыларды тұжырымдау, ұсыныстар өңдеу, диссертацияны рәсімдеу.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық маңыздылығы:**

1. Рухани жаңғыру жағдайы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру факторы ретінде негізделді.

2. «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні мен мазмұны анықталды, оның құрылымдық компоненттері айқындалды.

3. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі өңделіп, теориялық тұрғысынан негізделді.

4. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру технологиясы құрылды.

5. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыруда өңделген педагогикалық жүйе мен технологияның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексерілді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:** мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру үдерісінде алынған нәтижелерді қолдану, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісіне ақпараттық-технологиялық кешенді әзірлеу және енгізу:

*Ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету:*

*1) педагогтар үшін:*

- арнайы курс: «Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру»;

- мастер-класс: «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларда прагматикке тән адамгершілік мәдениетті қалыптастыру»;

- семинар-практикум: «Қазіргі білім беру технологиялары»;

*2) ата-аналар үшін:*

- ата-аналар жиналысы: «Балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыруда отбасының рөлі»;

- семинар-практикум: «Отбасында балаларды мадақтау және жазалау»;

*3) балалар үшін:*

- әдістемелік жинақ: «Халық ауыз әдебиетінің мұралары»;

- вариативтік компонент бағдарламасы: «Адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру»;

- авторлық шығармашылық ойыны: «Үй жылуы»;

- әңгімелесу картотекасы: «Адамгершілік мәдениет жайында».

*Ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету:*

- оқу құралы «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар»;

- әдістемелік нұсқаулықтар «Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеттестігі», «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық»;

- электронды оқу құралы «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудегі қазіргі педагогикалық технологиялар», ЭЕМ-ге арналған бағдарлама «Балабақша мен отбасының өзара әрекеттестігі жүйесінде балалардың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру негіздері (рухани жаңғыру жағдайында)»;

- электронды әдістемелік нұсқаулық «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті негіздерін қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық».

### **Қорғауға ұсынылатын зерттеудің негізгі қағидалары:**

1. Қазіргі қазақстан қоғамы бүгінде рухани жаңғыруымен және әлемдік интеграциялық үдерістерге ұмтылуымен сипатталады, жетекші орын білім беруге беріледі. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру үдерісі мектепке дейінгі жастың қолайлылығымен бірігіп рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру үшін ыңғайлы платформа болып табылады.

2. «Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» түсінігінің мәні адамгершілік мәдениет белгілерінің мәні туралы біліп қана қоймай, сонымен қатар олардың байқалу тәсілдерін, амалдарын меңгеруге, мотивациялық-тұлғалық, мазмұндық, мінез-құлық, рефлексивті компоненттерде олардың байқалуына саналы баға беруге мүмкіндік беретін бала тұлғасының белсенді позициясы.

3. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі қоғам, білім беру, тұлға мүдделерінің оңтайлы іске асырылуын қамтамасыз етеді және мақсаттық, мазмұндық, процессуалдық, бақылау-бағалау, нәтижелік компоненттердің жиынтығын көрсетеді.

4. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың принциптері, функциялары, кезеңдері (блок - педагогтармен жұмыс, блок – ата-аналармен жұмыс, блок – балалармен жұмыс), оқыту мен тәрбие формалары, әдістері, құралдарынан тұратын технологиясы, мақсатқа жетуге және алдын-ала жоспарланған нәтижеге: адамгершілік мәдениет негіздері қалыптасқан мектеп жасына дейінгі балаларға бағытталған.

5. Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың өңделген педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру нәтижелері.

**Зерттеудің нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу жүзеге асырылды:**

- 8. Білім және ғылым саласындағы зерттеулер. 8.1 ХХІ ғасырдағы білім, ғылым, мәдениет және спорт мәселелерін іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеу: 8.1.1 ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері бағыты бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде АР14870561 «Қазақстанда қоғамдық сананы жаңғырту өскелең ұрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың шарты ретінде» тақырыбын орындау барысында;

- эксперименттік жұмыс барысында және халықаралық материалдарда (Sheffield, 2017ж., 2022ж., Қарағанды, 2018ж., Praha, 2018ж., Przemysł, 2022ж., София, 2022ж.), республикалық (Қарағанды, 2018ж.) ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда мақалалар жариялау; шетел ғылыми басылымдарында мақала жариялау: «Nauka i Studia» (2018ж.); Scopus және Web of Science базасындағы индекстелген журналдардарында мақала жариялау: «European Journal of Science and Theology» (2019ж.), «Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment» (2021ж.), «Journal of Advanced Pharmacy Education and Research» (2022ж.); ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдар тізіміне енген ғылыми журналдарда: «ПГУ Хабаршысы» (2017ж.), «ЕҰУ хабаршысы» (2018ж.), «Қазақстанның ғылымы мен өмірі (2018ж.), «ҚарМУ Хабаршысы» (2018ж.), «ҚарУ хабаршысы» (2023ж.) мақалалар жарияланды; 1 оқу құралы, 1 электронды оқу құралы, 1 ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, 2 әдістемелік нұсқаулықтар, 1 электронды әдістемелік нұсқаулық жарық көрді.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі:** зерттеушінің бастапқы теориялық ұстанымдарымен, жұмыстың жеткілікті ұзақтығымен және жоспарлылығымен, зерттеудің ғылыми аппаратының логикасымен, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің кешенін іске асырумен, эксперимент деректерінің сапалық және сандық талдануымен, экспериментке қатысқан мектеп жасына дейінгі балаларда зерттелетін феноменнің қалыптасу деңгейлеріндегі оң өзгерістермен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұнын ғылыми аппаратқа сәйкестігімен қамтамасыз етілген.

**Диссертация құрылымы** зерттеу мақсатымен және ұсынылған міндеттермен анықталды. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеу тақырыбын таңдау мен оның өзектілігі негізделді, зерттеу нысаны мен пәні айқындалды; мақсаты, міндеттері, болжамы, жетекші идеясы тұжырымдалды; зерттеудің ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы ұсынылды; қорғауға ұсынылатын негізгі

қағидалар ашылды; жүргізілетін жұмыстың кезеңдері айқындалды; зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу туралы мәліметтер қамтылды.

Бірінші тарау **«Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері»** мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастыру факторы ретінде рухани жаңғыру жағдайын негіздеу мақсатында әдебиеттерті талдау жүзеге асырылды; «рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениеті» мазмұны мен мәні және мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениетінің құрылымдық компоненттері айқындалды; рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясы ұсынылды.

Екінші тарау **«Рухани жаңғыру жағдайында мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тексеру»** зерттеуді ұйымдастыру және оның әдістері; мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік мәдениет негіздерін қалыптастырудың өңделген педагогикалық жүйесі мен технологиясының тиімділігін дәлелдейтін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны ұсынылды.

**Қорытындыда** зерттеудің негізгі нәтижелері баяндалып, әдістемелік ұсыныстар берілді.

**Қосымшада** зерттеу үдерісін ашатын, көмекші материалдар ұсынылған.